

PHILOLOGICAL SCIENCES

ARTISTIC SYSTEM OF CHILDREN'S PROSE

Orazbek M.

Doctor of Philology, Professor,

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

ORCID 0000-0002-0703-1142

Baitanasova K.

Candidate of Philology,

L.N. Gumilyov Eurasian National

University, Astana, Kazakhstan

ORCID 0000-0001-5747-6147

БАЛАЛАР ПРОЗАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЖҮЙЕСІ

Оразбек М.

Филология ғылымдарының докторы,

профессор,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

ORCID 0000-0002-0703-1142

Байтанасова К.

Филология ғылымдарының кандидаты,

профессор,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

ORCID 0000-0001-5747-6147

<https://doi.org/10.5281/zenodo.14499274>

Abstract

The article analyzes the artistic system of prose works for children. Children's works have always been born in Kazakh prose. The distinctive feature of these works is the clarity of the plot, the diversity of the characters' actions, the figurativeness of the language. At the same time, the artistic, aesthetic, linguistic features of the works analyzed in the article are determined.

Аңдатпа

Мақалада балаларға арналған прозалық шығармалардың көркемдік жүйесі талданады. Қазақ прозасында балаларға арналған шығармалар әр кезде туып отырды. Бұл шығармалардың ерекшелігі сюжеттің айқындығы, кейіпкерлер әрекетінің алуан түрлілігі, тілінің көркемдігі. Осы ретте мақалада талданған шығармалардың көркемдік-эстетикалық, тілдік-стильдік ерекшеліктері айқындалады.

Keywords: genre, artistry, childhood, image, style

Түйін сөздер: жанр, көркемдік, балалық шақ, бейне, стиль

Бүгінгі жаһандық кезең әдебиет пен мәдениет секілді рухани құндылықтардың арасындағы сабақтастықты күшейтіп, оның бағыт-бағдарын түрлендіре түсті. Әдебиет – халықтың өткені, қазіргісі мен келешегі. Бұл ұғымдар әлем халықтарының рухани құндылығын және жалпы адамзаттың өркениетін анықтайды. Әр халықтың өзінің тарихи тағдыры бар. Тарих болған жерде сол елдің мәдениеті, әлеуметтік жағдайы мен сөз өнері қоса дамиды. Әлем халықтарының әдеби кеңістігі, олардың бір-бірімен ықпалдаса дамуы адамзат тарихының ортақ арналарын аңдатады. Қандай елдің де мәдени-әдеби құндылықтары сол елдің даму деңгейін танытады.

Әдебиет өнердің маңызды белгілерін бойына жинай отырып, сөз өнерінің барлық түрінде өзінің басты сипатын сақтап отырады. Өнердің басқа түріне қарағанда әдебиет дәнекерліктің ерекше формасы болып саналады. Әдебиет адамның әлемді

тануының көркемдік және жүйелі-логикалық формасын құрайды.

Көркем туынды – ұлттық болмысты айқындайтын, негізгі ойларды жинақтайтын күрделі құбылыс. Қаламгер – көркем шығарманы тудырып, ол оқырманның көркемдік-танымдық қабылдауына жетеді. Көркем әдебиеттің әр түрлі жанрларында (мәселен, драмада, хикаятта, романда, әр түрлі әңгіме-баянда) туындының байланысы, құрылымы, ішкі жүйесі түрліше болады. Бұдан басқа көркем жанрлар мен әдеби стиль, әдеби тіл стилі қарым-қатынасының өзі күрделі. Бір тарихи жағдай мен әдеби мектепте тілдің стилін айқындау қандай да бір әдеби-көркем жанрлармен берік байланысады; келесі бір әдеби-көркем жанрлардың стильдік және композициялық жағдайында әр түрлі сипаттағы, стилистикалық болмысы түрліше әлеуметтік-тілдік бірліктерді біріктіреді. Бұл кезде әдеби жанр мен тілдің стилі

арасындағы қатынас жаңа сипат иеленеді. Көркем бейне – нақтылық пен жалпылықтың бірлігі. Ол сөз болып отырған құбылыстар туралы көрнекі ұғымдардың тууына әсер етеді, әдеби шығарма кейіпкерінің нақты өмірлік жағдайға тасымалдануы оқырман эмоциясын тудырады.

Мәтіндегі ішкі құрылымды, автор мен оқырман проблемасын қарастырған Р. Ингарден өнердегі феноменологиялық тәсілдің субъектінің қабылдауына және елестетуіне байланысты екенін айтады [1]. Ғалым мәтіндегі әр түрлі көркемдікті қабылдаудың мезеті бар екенін, оқырман көркем мәтінмен танысу үстінде ондағы оқиғалардың алмасуын, өзгеруін бірте-бірте қабылдап отыратындығын дәйектейді. Сол арқылы тұтас мәтіннің мазмұнына, қалай аяқталатынына да ойша болжам жасайтындығына мән береді. Яғни мәтіннің өзіне тән көркемдігін қабылдау бірнеше қабаттан тұратындығын айтады. Көркем шығарманың композициялық мүмкіндігі, құрылымдық жүйесіндегі заңдылықты зерттеу – маңызды проблемалардың бірі. Яғни туындыға қатысты құрылымдық тәсіл ондағы көптеген жаңалықтың айқындалуына жол ашады. Өнер туындысы автордың идеясымен, көзқарасымен бірлікте қарастырылады. Автордың көзқарасы мәселесі бірқатар проблеманы тоғыстырады. Жалпы алғанда көзқарас ұғымы өнердің барлық түріне тән. Көркем туындыдағы автордың ұстанымы (көзқарасы) шығарманың болмыс-бітімін айқындайды. Автор – шығарманы жасаушы. Ендеше, туындының тақырыбынан бастап, соңына дейін көркем туындының құрылымын ұйымдастыру автордың құзіретінде.

XX ғасырдың екінші жартысы қазақ прозасы үшін мәнді кезең болды. Бұл дәуірде эпикалық проза барынша өрістеді. Қазақ қаламгерлері роман мен хикаят жанрының даму тенденциясын жеделдетті. Осы кездегі проза жанры бірқатар жаңа бағытқа ие болды. Атап айтқанда, а) психологизм тереңдеді; ә) шындық барша күрделілігімен берілді; 3) көркем туындар әлеуметтік-философиялық кеңдікке бет түзеді. Жазушылар кейіпкерлерінің ішкі әлеміне, сезім диалектикасына көбірек үңілді. Бұл туындылардың кеңдігі, идея тереңдігі, эпикалық баяндауы өзгеше бағыт алды. Осыдан келіп қазіргі қазақ прозасының күрделі құрылымы қалыптасты. Қазақ прозаиктерінің философиялық, әлеуметтік, адамгершілік, экологиялық тақырыптарға қызығушылықпен бой ұруы кеңістік пен уақыт категориясының мәнін де тереңдете түсті. Жаратылыстың кез келген құбылысы жоғарыда аталған ұғымдар аясында қарастырылды. Уақыт пен кеңістік байланысы арқылы қаламгерлер адам мен қоршаған ортаның байланысын кешенді қозғады.

Кезең дамуының екінші жартысында қазақ прозасы баяндаудағы драматизмді тереңдетті. Көркем туындыда суреттелген оқиғалар - саясаттағы, жаратылыстағы, ортадағы, тіпті адам бойындағы әрекет болсын - тартыс сипатын қалыптастырды. Жазушылар өз ортасының

өзгерісін, бейнесін бере отырып, көп жағдайда өткенге, тарихқа көз жібереді, осы арқылы көнедегі аңыз-әпсаналарды тірілтіп, шығарма кеңістігіне қиюластырады. Яғни бүгінгі күннің проблемасын қозғай отырып, суреткерлер шығармаларына өткеннің жақсылығын, тарихтың жадына тұнған әңгіме-мифті өзектестіреді. Адам бейнесі тек өзінің дағдылы тіршілігінде ғана емес, қоршаған ортамен қабат, қоғаммен, кейде тарихпен үндесе берілді. Мұндай көркемдік тәсілдер қазақтың белгілі қаламгерлері Ә.Кекілбаев, Т.Әбдіқұлы, О.Бөкей шығармаларында көрінді. Олар өз туындыларында қоғамының ең көкейкесті мәселелерін көтерді.

Әдеби туындыларда ұлттың, халықтың келбеті, тұрмыс-тіршілігі, көзқарасы суреттеліп, олардың әрқайсысына тән мәдени ортасы, этнографиялық ерекшеліктері, қарым-қатынастары бейнеленді. Бұл арқылы елдің мәдени-рухани дамуы, ой-парасаты байқалады. Адамзатты ежелден-ақ әлемдік кеңістіктегі – ғарыш, әрекет, болмыс, сана, өмір, өлім, от, кездейсоқтық, өң мен түс, елес, ізгілік, зұлымдық, қорқыныш секілді онтологиялық ұғымдар толғандырған. Осы құбылыстардың сырын адам табиғаттан, жаратылыс құбылыстарынан, өздерінің ішкі әлемінен іздеді. Міне, мұндай мәңгілік түсініктерді адам баласының игеруі өнер туындыларында бейнеленді. Соның ішінде балалар тақырыбына арналған әдеби шығармалардың көркемдік жүйесінің өзіндік ерекшелігі мол.

Адамзат тірлігінде оның тұлғалық аспектісінің мәні ерекше. Адамның санасында өзіне сену, өзін қоршаған әлеуметтік-мәдени, тұрмыстық құбылыстардан биікке көтерілу орнығады да, адамның болмысы ерекшелене бастайды. Адамның маңызды атрибуты – еркіндік, жауапкершілік, өмірлік құндылықтар туралы бағдар. Мұндай адам еркіндігіне қарсы антиподтар өздерінен жоғары күштерге көзсіз сеніммен бағынышты болады. Ал, адам еркі қоршаған ортасы үшін үлкен мәнге ие. Адамның саналы әрекетінің күші ерекше. Философ Э.Мунье: «Адам тұлғасы жанды, белсенді шығармашылық күш, ол басқа тұлғалық болмыспен саналы түрде қарым-қатынасқа түседі», - деген [2, 42]. Тұлғалық ерекшелік болмысы мен сана ақыл-ойы озық та сергек адамдарға да қатысты айтылады. Психология – адам баласының сана-сезіміне терең еніп, оның жан дүниесін, сезім-күйін бақылайды. Әр адам баласының психологиясы түрліше болады. Ал, бала психологиясы тіпті де өзгертмелі. Олар сыртқы әсер-ықпалды әр түрлі қабылдайды. Егер әдеби туындыдағы бала кейіпкерлердің болмысына зер салсақ, олардың әр қилы әрекет пен көңіл-күйді бастан кешіретінін байқаймыз. Адамға тән апатия (дағдарыс), қобалжу, үрей, агрессия (өктемдік) тағы басқаларының орын алуына әр түрлі сыртқы факторлар әсер етеді [3].

«Жабайы алма» хикаятындағы психологиялық ахуалдың трагедиялық сипаты шығарманың басынан-ақ көрінеді. Ол – Бүбітайдың отбасына келген жағдай. Оның баласы Сыпатайдың ит қорыған алма ағашынан жайсыз құлап мерт болуы,

Бүбітайдың есінен ауысуы. Бұдан әрі соғыс, ауылдың жайы, ауыл балаларының тағдыры суреттеледі. Мұндағы Көлбай, Рысбек, Әжібектердің әрекеті, ауыл жасы – Тоқтар мен Нәзіраның қатынасы, Рысбектің жөнсіз қылығы, Шымырбайдың баласы Тоқтардан қара қағаздың келуі, Қанат бастаған балалардың әрекеті суреттеледі [4].

Автор шығармасында соғыс кезіндегі ауыл балалары мен үлкендердің жағдайы, көңіл-күйлері ашылады. Сол бір соғыс жүріп жатқан кезеңнің ауыртпалығы үлкен-кішіге де салмақ салды. Алайда оны қабылдау ересектер мен балаларда бірдей болған жоқ. Бала кейіпкерлер осы ауыр кезде де ойыннан, балалық шақтың табиғи әрекетінен айырылған жоқ. Оны Әжібек бастаған балалардың ойдағы Шымырбай қарттың қауындығына жасаған жорығы арқылы білдіреді. Сол әрекеттерін батырлыққа балаған балалар қауындықты ойран етеді, піспеген қауындарды жарып-жарып тастайды. Әудем уақыттан соң Тоқтардан қара қағаз келеді. Қанат осы бір қаралы хабарды өздерінің жас, піспеген қауынды жайратып тастаған сәтімен байланыстырады. Бұл тұста қаламгер ұлттық дәстүрден хабар береді. Халық «көкті жұлма, көктей соласың» демей ме? Мәселен, С.Мұратбековтің «Жабайы алма» хикаятындағы Әжібек балалық пен ересектену сатысының аралығында айналасындағы балаларды әр түрлі әрекеттерге бастайды. Бірде ойдағы қауын егетін Шымырбай шалдың бақшасына түссе, бірде соғыстан оралған Рысбектің шылауына түсіп, сол «қолбасшының» әмірін орындайтын жауынгер сапында болуға кіріседі. Әлеуметтік психологияның адамның көпшілік ортасындағы сана-сезімін, эмоциясын назарға алатынына ден қойсақ, алаңсыз тіршіліктен шектелген балалардың бұл әрекеттері түсінікті бола түседі. Жазушы С. Мұратбеков шығармаларында өткен шақ пен бүгінгі болмыс қатар жүріп отырады. Оны біз «Жусан иісіндегі» Аян бейнесіне қатысты байқаймыз [4]. Аян ауылға көшіп келгеннен кейін оның өзге балалармен достығы әдеттегі балалардың достығы секілді емес еді. Әу баста өзге балалардан ерекше көрінген Аяның өмірге, жақын-жуығына деген көзқарасы, түсінігі мүлде бала ұғымына ұқсамайтын. Оны баяншы да оқырманға аңғартып отырады. Әжесі қайтыс болғанда Аяның көзіне жас алмауы өзге балаларды айран-асыр етеді. Неге? Оның орнына Аян балаларды ертіп күнделікті ертегісін айтып отырады. Осы кездегі Аяның ертегісі де ерекше еді. Бала біткен ертегідегі біресе таңғажайып, біресе үрейлі оқиға араласқан сәттерді демдерін ішіне ала тыңдайды. Бұл кездегі Аяның хал-жағдайын балалар аңғара да қоймады. Ал, ертегі арқылы Аян өзін жұбатып отыр еді. Мұндағы жусан Аян үшін киелі шөп. Жусан – ауыл, ата-ана, ағайын-бауыр, атамекен бейнесі, кейіпкердің жан сыры, толғанысы, сағынышы. Бұл жерде баяншы Аяның мінез-құлқын, жан дүниесіндегі өзгерісті жақыннан бақылайды, қасында жүріп, әрбір көңіл-күйіндегі эмоцияны қадағалап отырады.

Эпикалық қашықтық – әңгімелеуші – автордың шығармадағы баяндалып жатқан оқиғалардан белгілі бір мезгілдік немесе кеңістік ара қашықтықта орналасуы. Оған белгілі бір баяндау формасы аясында өзгерістер енгізіліп, түрлендіріледі. Кеңістік ара қашықтық оқиғаны тұтастай немесе даралай алып көрсетуден байқалады. Ол үш түрлі болуы мүмкін: шығармадағы оқиғаның баяндау кезімен сәйкес келмеуі; шығармадағы оқиғаның баяндау сәтімен сәйкес келуі және олардың аралығында мезгілдік қатынастың мүлде болмауы [5, 82]. Ал, қаламгер С. Мұратбеков туындылары осы үш қашықтықты қамтиды. Адам баласы үшін балалық шақ ортақ.

Көркем мәтіндегі уақыт позициясы әр түрлі тәсілдер арқылы көрінеді. Автор өзінің ұстанымын оқиға барысында өзгертіп отыруы мүмкін. Әрі бір мезетте бірнеше кейіпкердің оқиғасын қатар бере де алады. Басқаша айтқанда автор қандай да бір кейіпкердің позициясын ұстана отырып, алға қарай озып отырады. Яғни алдын ала оқиға-әрекеттің болмысын, нәтижесін аңғартады. Әсіресе, бұл жекелеген эпизодтарда көрінеді. Көркем уақыт пен кеңістіктің шынайы мекеншақтан айырмасы бар. Көркем уақыттың шарттылық сипаты туындыдағы көркем бейнелілік табиғатын ашу үшін қажет. Зерттеуші Д. Лихачев: «Уақыт категориясы қазіргі өмірді, құбылысты, өнерді түсінуде неғұрлым кең сипат иеленіп отыр. Уақыттың басымдығы соншалық ол адам санасына барынша билік жүргізіп келеді. Сондықтан да уақыт – бейнелеудің объектісі, субъектісі және басты құралы. Әлемдегі өзгеріс пен қозғалыс көп қырлы сипатымен әдебиетке де ықпал етіп келеді», - дейді [6, 212]. Ендеше, уақыт пен кеңістіктің құндылығы өнер туындылары үшін аса мәнді. Оның ішінде әдебиет үшін бұл категориялар оның идеясы мен стиліне, тұтас концепциясына ықпал етеді. Кейіпкердің ішкі әлемінің шекарасы автордың көзқарасы бойынша әр түрлі сипат иеленеді. Сондықтан да онда мағыналық (семантикалық) көкжиек те, қайшылық та болады. Егер бұл ауысу, өту кейіпкер үшін кездейсоқ, бір сәттік, қиындықсыз болса, онда шекара ең алдымен белгілі бір мәнге ие болады. Ал, егер автор кедергіден өтудің қиындығына басымдық берсе, онда ол шекараның сипатын бейнелеуді кейіпкер үшін нақты бөгет етіп алады. Осыдан келіп нақты оқиға мен оның салдарын ажырату мүмкіндігі туады. В.Я. Пропп (1895-1970 жж, фольклорист, этнограф) «Сюжет – кейіпкерлер әрекетінің тізбегі және олардың өміріндегі оқиғалар», - деген [7]. Әдебиет әлемінде көркем туындының болмысы сандаған қырларымен ашылады. Оқырман кейде шығарманың толыққанды аяқталғанына сенер-сенбес күйде қалады. Бұл туындының аяқталмай қалуы мен оқырманның сол шығарманы оқуға деген дайындығының жетімсіздігі қатар келіп жатады. Себебі, шығарманың көп қырлы сипаты оқиған сайын жаңа бір қырынан ашылып, жалғасып отырады. Әдебиеттанушы М.Бахтин мұны ондағы кейіпкерлер мен олардың әрекеті үздіксіз жалғасып отыратындығы деп санайды [8]. Кейде автор

ұсынған монолог, диалог тәсілдері де ойдың әрі қарайғы жалғасуын көздеп тұрады. Кейде автор немесе кейіпкер аузымен айтылған әңгімеге, толғанысқа оқырман да қосылып кеткісі келетін ой сабақтастығы байқалады. Адам өзінің еркінен тыс әрекеттерге барады, өзінің көргені мен жасаған әрекеттеріне сенбейді, тіпті осы алмағайып тіршіліктің ішінен өзін жоғалтып та алады. Бұл әлемде орын алған құбылыс. Адам баласы жақсылықты күтуден, арман-аңсардан үміт үзе бастайды. Осыдан келіп адам мен болмыс, адам мен жаратылыс арасында кереғар қайшылық орын алады.

Қаламгер М. Омарованың әңгімелері өте қысқа, миниатюра, этюд, суреттеме (зарисовка) болып келеді. Алайда қаламгер өмірдегі мәні терең мәселелерді көтереді. Автор адамның басындағы, ішкі жан дүниесіндегі қайшылықты жайттарға көп барады. Жеке адамның мәселесін қоғамдық, әлеуметтік проблемалар деңгейінде көтереді. Қазіргі кездегі адамның жалғыздығы, ішкі дүниесіндегі қарама-қайшылық, жақындарының ортасында жүріп, жаттықты сезінуі көп кездеседі. Осы жайттарды көркем әңгімеге айналдыра отырып, автор адам баласының жалпы оқшау тіршілік кешетіндігін көрсетеді. Философтардың «адам болмысы негізінен – жалғыз» деген концепциясын әдеби түрде негіздейді. «Ана ғұмыр» мөлтек-романының прологі былай басталады: «Әдетте қиналған кезінде ойына балалық шағы оралады. Балалық шағының өзі екіге бөлінеді екен. Соның ішіндегі ең алаңсыз, мамыражайы әрине, әжесімен байланысты» [9, 3]. Адамның ғұмыры белгілі бір жүйеден тұрады. Негізінен адамның жас кезеңдерінің ішінде балалық шаққа қатысты концепцияда ұқсастық мол. Өйткені адамның балалық кезеңі ең бір қызықты, таңғажайып, әсерлі кезең. Оның ішінде де аса бір ерекше, тосын оқиғалар, суреттер адам жадында өшпей сақталып қалады. Әңгімедегі оқиға тұтастығы арқылы өмірлік мәңгілік заңдылықтар бейнеленеді.

Мәтін – автор үшін ой-сезімін жеткізу формасы да, тыңдаушы үшін танымдық және тәрбиелік, эстетикалық маңызы бар нысан. Көркем мәтін – күрделі жүйе. Мәтіннің бұл күрделілігі оның жанрлық түрінен де, идеялық мазмұнынан да көрінеді. Яғни мәтіннің көркемдік жүйесі әр түрлі түсіндіріледі. Әдеби туындының тұтас әрі күрделі

эстетикалық құрылым екендігі әр кезде айтылып келді. Мәселен, Н.Гартман көркем мәтіннің құрылымын бірнеше бөліктерге жіктей отырып, олардың арасындағы өзара сабақтастықты да сақтап қалуға болатынын айтады [10]. Мәтінді қарастырудың филологиялық бағыты оның ішкі мазмұнын, когнитивтік және антропоцентристік сипатын, семантикалық түрдегі ұйымдастырылу тәсілдерін кеңейтті. Осы ретте мәтіндегі дискурс, кодтық өлшемдер мәтіннің өзіне тән құрылымын тереңдетеді. Ал, көркем шығарманың осы көп қырлы сипаты балаларға арналған туындылардағы сюжет, кейіпкер, мекеншактың алуан түрлілігімен ерекшелене түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ингарден Р. Очерки по философии литературы. – М.: Прогресс, 1999. – 148 с.
2. Мунье Э. Персонализм. – М.: Искусство, 1992. – 143 с.
3. Грифцов Б.. Психология писателя. – М.: Прогресс, 1988. – 464 с.
4. Мұратбеков С. Шығармалары. – Алматы: Ан Арыс, 2010. – 360 б.
5. Греймас. Структура семантики. – М., 1990. – 185 с.
6. Лихачев Д. Текстология. 2-ое изд. – Л.: Наука, 1983. – 639 с.
7. Пропп В. Фольклор и действительность. - СПб.: Азбука, 2024. - 320 с.
8. Бахтин М. Эстетика словесного творчества. – М.: Искусство, 1986. – 445 с.
9. Омарова М. Ана ғұмыр. Проза. – Алматы: Жалын, 2009. – 128 б.
10. Гартман Н. Систематическая философия в собственном изложении. – СПб.: Азбука, 2001. - 274 с.

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын АР 19679524 «Қазіргі қазақ прозасындағы қалалық балалар типологиясы және ұлттық ментальдік (ағылшын әдебиеті мен қазақ әдебиеті шығармаларын салыстыру) тақырыбындағы ғылыми жоба бойынша дайындалды.